

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

DEXP U400 микрофоны


Құрметті сатып алушы!

«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын бұйымды таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапаға, атқарымдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған және өндірілген бұйымдар құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау туралы ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз, бұйымды одан әрі пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны ылғалдылығы жоғары үй-жайларда сақтамаңыз, экстремалды температураның, кез-келген сұйықтықтың әсерінен қорғаңыз.
- Микрофон — өте сезімтал құрылғы. Оны құлаудан, соққылардан және басқа зақымдардан қорғаңыз.
- Күшті кедергілердің алдын алу үшін микрофонды динамиктерге жақын қоймаңыз және оны қолыңызбен жаппаңыз.



Құрылғының тағайындалуы

Микрофон Интернет арқылы тілдесуге, шет тілдерін қашықтықтан үйрену кезінде сөздер мен сөз тіркестерін жазуға және олардың дұрыс айтылуын бақылауға арналған. Бұл модель үйде немесе кеңседе жұмыс істеуге өте ыңғайлы. Микрофон капсюлі орнатылған иілгіш аяқ, микрофонның қалпын өзгертуге мүмкіндік береді. Массивті негіз модельдің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Микрофон коннекторын көз-құрылғыдағы USB портына қосыңыз.
2. Микрофон ажыратқышын «ON» қалпына ауыстырыңыз.
3. Дыбыс жазу құрылғысының қосылғаны туралы жүйе хабарлағанша күтіңіз.
4. Дыбыс деңгейін көз-құрылғыда қажетті деңгейге дейін реттеңіз.
5. Микрофонды пайдаланып болғаннан кейін ажыратқышты «OFF» қалпына ауыстырыңыз.
6. Дыбысталудың оңтайлы сапасы үшін микрофонды еріннен 5-10 см қашықтықта ұстау ұсынылады. Егер оны тым жақындатсаңыз, төмен жиіліктердің көптігі мен орындаушы тынысының қаттырақ естілуіне байланысты дыбыс сапасы айтарлықтай нашарлауы мүмкін.

Техникалық сипаттамалары

- Моделі: U400.
- Микрофон түрі: конденсаторлық.
- Корпус материалы: пластик.
- Бағыттылығы: бүкілбағытты.
- Кабель ұзындығы: 1.5 м.
- Жиілік: 50 Гц — 16 кГц.
- Сезімталдық: -30 ±3 дБ.
- Жалғағыш: USB.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату шарттары мен ережелері

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Өндіруші мен тұтынушыда құрылғыны сақтау, ауа температурасы +5 °С-тан +40 °С-қа дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жылытылатын үй-жайларда қаптамада жүзеге асырылуы керек. Үй-жайларда коррозияны тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдар, сілтілер бұлары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы ұқыпты қарауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі керек.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы бұйымды дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда уәкілетті қызмет көрсету орталығына дереу хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Циинь Электроникс Ко., Лтд.

23-1 ғимараты, Лунтэн тас жолы, Цзяньи ауылы, Хэнган, Лунган ауданы, Шэньчжэнь қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Қазақстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. v.1

www.dexp.club